

индивидуальных особенностей, развитии способностей, преодолении негативных поступков и проявлений в поведении, формировании ценных жизненных ориентаций.

Список литературы:

1. <http://nashaucheba.ru/анкета> для педагога

Жайлаубаева Индира Жубаткановна
Ы.Алтынсарин атындағы РӨГК-нің
арнайы пәндер оқытушысы
Рудный қ.

БІЛІМ БЕРУДЕ КЕМБРИДЖ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Аталмыш мақаланың өзектілігі: Сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану мұғалім жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді. Негізгі мақсаты: Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Әдісі: Венн диаграмма, еркін жазу, бес жолды өлең т.б

Нәтиже: Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету- оқушылардың да, мұғалімдердің де білім алу және білім беру процесінде кез-келген мәселені талқылауды, басқалардың идеяларын ой елегінен өткізіп, сыни тұрғыдан қарауға жәрдем береді. Қорытындылар: Жаңа инновациялық әдіс - тәсілдер теориялық тұрғыдан дәлелденіп, іс жүзінде жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.

Түйінді сөздер: Дәстүрлі оқыту, сындарлы оқыту, Кембридж тәсілі, оқудағы көшбасшылық, дарынды оқушымен жұмыс.

АННОТАЦИЯ

Актуальность данной статьи обусловлена необходимостью модернизации системы образования на основе обновления структуры и содержания урока. Целью представленной работы автор обозначил рассмотрение возможности обновления методов и приемов работы с одаренными детьми, например, диаграмма Венна, синквейн и др. Данные приемы и стратегии являются актуальными для развития навыков критического мышления, повышения эффективности урока в целом.

Ключевые слова: дифференцированное обучение, система Кембриджского метода, лидерство в обучении, работа с одаренными детьми.

ABSTRACT

The actual value of the given article reflects the modern necessity of up-dating the system of Kazakhstani education using a new structure and content of the lesson material. The question under consideration in the article is to investigate new methods and techniques in teaching gifted students, e.g. Vienne diagram, 5 line poems and others. The observed techniques and strategies are crucial for developing students' critical thinking abilities, to increase the efficiency of the lesson in general.

Key words: differentiated teaching, Cambridge techniques, leadership in education, working with gifted students.

Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты.

Н.Назарбаев

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаша сипат алуы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылыққа бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін саналы азаматты тәрбиелеуді көздейді. «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай» - деп ұлы ойшыл Сократ айтқандай мұғалім мамандығы үлкен жауапкершілік пен тынымсыз ізденісті қажет етеді.

Белгілі ғалым Л.С.Выготский «Дәстүрлі оқыту – бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту – «дамытуды өзімен бірге ала жүреді» - деген болатын. Сондықтан дәстүрлі оқытумен шектеліп қана қоймай, мұғалім әрдайым ізденісте болып оқытудың жаңа технологияларын еркін меңгеріп қана қоймай, тиімді жүзеге асыра алуы тиіс.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіне «Кембридж тәсілі» жаппай енгізілуде. Осы мақсатта Ұлыбританияның бетке ұстар жоғарғы оқу орындарының бірі де бірегейі Кембридж университетінің оқытушылары, Назарбаев университетінің оқытушылары мен Назарбаев зияткерлік мектептері мұғалімдерінің бірлесіп Білім саласында жасалған жаңа бағдарлама ол - Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердегі педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасын енгізді.

Кембридж бағдарламасы сындарлы (конструктивті) оқыту теориясы деп аталады. Ол 7 модульді қамтиды. Атап айтқанда, сыни тұрғыдан оқыту технологиясы, оқудағы көшбасшылық, дарынды оқушымен жұмыс, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер, бағалау, ақпараттық технологиямен жұмыс, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай оқыту деп аталатын модульдерді қамтиды. Бұл модульдердің көбі бұрыннан бар технологиялар. Батыс елдерінде сыннан өтіп өзінің маңызды екенін дәлелдеген бағдарлама. Қазақ елінің білім саласына жаңа жетістіктер әкеледі деген сеніммен қолданысқа енгізілді. Бұл бағдарламаны енгізу үшін алдымен орта мектеп мұғалімдерін біліктілік деңгейлеріне қарай үш топқа бөлді. I деңгей: Астана қаласында оны бітіріп, арнайы куәлік алғандардың айлық жалақысы 100 пайызға көтерілді. II деңгей Алматы қаласында 70 пайыз, III деңгей облыс орталықтарында 30 пайызға көбейтіліп отырады. Бағдарламада негізгі идея оқушылардың ойлау қабілетін ашып топпен жұмыс істеуге көшбасшылыққа ұмтылуға, өзіндік ізденіске ден қоюға негізделген.

Бағдарлама курсын бітірген ұстаздар өздері ғана емес, өзге әріптестерін де оқытуға, үйретуге құқылы. Яғни, тәлім алушы арқылы өзге мұғалімдерге жаңашылдықты таныстырады. Білу-түсіну-қолдану-талдау-жинақтау-бағалау жүйесі арқылы балаларға білім нәрін себеді. Мұғалім бағыт беруші рөлінде, ал оқушылар ізденушілер. Ұстаздар қауымына біліктілік арттыру курстары алғашқы кезде Англиядан келген тренерлермен ұйымдастырылса қазіргі кезде әр облыс орталықтарындағы «Өрлеу» біліктілік арттыру өңірлік орталығының филиалдарында жүзеге асуда. Бұл курстарды Англияда тәжірибеден өткен жергілікті ұлттық тренерлер жүзеге асыруда. Аталмыш «Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарламаның негізгі қағидаты тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады.[1, 12 б]

Кембридж тәсілінде мұнда бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт-беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің өзге де жаңа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады.

Алғашында дәстүрлі оқытудан сындарлы оқытуға тосырқай қарағанмен, тәжірибе барысында оқушы бойындағы оң өзгерісті байқап қуандық. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.[1, 6 б]

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процессіне көшуде. Осы процессті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқаратыны сөзсіз. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен теңестіретін-білім» деп, атап көрсеткендей, қай елдің болсын өркендеп өсіп-өнуі сол елдің білім деңгейі мен даму жүйесіне байланысты. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім-ең мықты білім, оның нәрін бойына сіңірген ұрпақ елімізді гүлдендіріп, болашағымызды дамыта алады. Ал сол білімді шәкірт санасына себуші-ұстаз. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы мұғалім арқылы жүзеге асырылады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың озық технологиясын меңгеру мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Осы орайда

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп тұжырым жасайды. Сондықтан мұғалім өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану мұғалім жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Әсіресе, Қазақстан Республикасындағы білімнің мақсаттары мен міндеттерін анықтауда соңғы ғылыми-теориялық, методологиялық құжаттардың талдауы бойынша, «адамды ойлауға үйрету үшін» өсіп келе жатқан ұрпақтың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту-қазіргі кезде білім беру ісінде басты қажеттіліктердің бірі болып табылады. [2,46]

Қай кезде боласын әр мұғалім өз сабағының көшбасшысы болып саналады. Сабақтың мақсатына жету жолында педагогикалық шеберлігін әдіс-тәсілдердің сан алуандығымен ұштастыра біледі.

Оқыту мен үйретудің тәсілі төмендегідей сабақтың құрылымында анықталады.

Сабақтың құрылымы:

1. Қызығушылықты ояту.
2. Мағынаны тану.
3. Ой толғаныс

1. Қызығушылықты ояту. Қызығу зейіннің қайнар бұлағы. Оқушы қызықпаған нәрсеге зейінін тұрақтатып, түсінуі қиындап, есте сақтамайды. Сол үшінде қызығушылықты ояту жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену процесі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Оқушылар бір-бірімен топтасып өзара бірлесе әрекет жасап диалог құрады.

2. Мағынаны тану - жаңа сабақты бекіту процесі. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпаратпен толық танысып, тақырып бойынша әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Сонымен қатар тақырыпты ашу мақсатында сұрақтар қойылып, қызықты жауаптар алынады.

3. Ой толғаныс сабақты қортындылау кезеңі. Осы кезеңде оқушы не үйренгенін саралап ой елегінен өткізеді, оны қандай жағдайда қолдану керектігін үйренеді.

Мысалы, балалар эссе жазу арқылы өз ойларын қағаз бетіне түсіреді. Бұл модульдің берер пайдасы мол. Себебі, ой-пікірін еркін айту, бір-бірінің сабақ барысындағы қателіктерін айту, жетістіктерін жариялау, сабақ өздігінше талданып, бір-біріне талап-тілек, өтініш, тілектерін білдіре алады. Ой толғаныс кезеңінде Венн диаграмма, еркін жазу, бес жолды өлең т.б стратегияларды тиімді қолдануға болады. Олар арқылы баланың шығармашылық ізденуіне жол ашып, жеке қабілеттерін дамытуға көмек береді.

Бұл модульдің тағы бір ерекшелігі оқушыларды топтап оқыту. Топтап оқыту жайлы белгілі ғұлама Авиценна (980-1037) былай деген болатын: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы – балалар оқу тәрбие үрдісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру» .

Шындығында да оқушыларды топқа бөлу арқылы жаңа материалды толық меңгертуге мүмкіндік пайда болады.

Мұғалім оқушыларды топқа қарапайым тәсілмен бөлмей, керісінше топқа бөлудің де әдіс тәсілдерінің бірін пайдаланған жөн. Мысалы «Шашу» әдістемесінде оқушыларды топқа бөлу үшін төрт түрлі-түсті конфеттерді араластырып оқушыларға шашу шашады. Оқушылар әр түс бойынша топқа бөлінеді. Тағы да бір әдістеме «Жыл мезгілдер» мұнда оқушылар туған күндеріне сәйкес жылдың төрт мезгіліне орай топтарға бөлініп жұмыс жасайды. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай білім кітаптан дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы игеріледі.

Бұрын мұғалім қалай сабақ беріп жүрді:

1. Тақырыпты түсіндіреді.
2. Пән бойынша ережелерді түсіндіру.
3. Тақырып идеясын анықтайды, талдайды.
4. Дәрттермен жұмыс. Жаттығулар орындайды.

5. Мазмұнын айтып береді.

Топпен жұмыс бойынша өткізілген сабақ үрдісіндегі өзгерістер бірден байқалады. Оқушылар іс-әрекеті.

1. Топқа бөлініп ,ой қозғайды.

2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.

3. Тапсырмаларды анықтау ұсынылады, зерттеледі.

4. Нәтижеге жету мақсатында көптеген тапсырмаларды орындайды.

5. Ойларын жазбаша жеткізеді.

6. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.

7. Тұжырымдама жасайды

Осы нәтижелерді қорыта келе мектеп тәжірибесінде сабақты жоспарлауда нені ескеруіміз қажет:

А. Сабақты оқушылардың қажеттіліктеріне қарай жоспарлау;

Ә. Мұғалімдерге арналған нұсқаулыққа сүйене отырып жоспарлау;

Б. Ынтымақтастық атмосферасын құра отырып жоспарлау;

В. Белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға жағдай жасай отырып жоспарлау;

Г. Оқушылардың ой-пікірлерімен келісе отырып, оны дәлелдеуге мүмкіндік беру;

Д. Рефлексия, кері байланысты үнемі қолдану;

Е. Бағалаудың түрлі әдістерін қолданып отырып жоспарлау;

Қорыта келе жеті модульдің стратегияларын пайдалану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушының өздерінің байқап, талдап, зерттеп, ойларын еркін жеткізе алады. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмей, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізуге болады. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Сабақ түрі жаңа заман талабына сай өзгеріп, жаңарып отырса, болашақ ұрпаққа әсері мен ықпалы ерекше болады. Жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер теориялық тұрғыдан дәлелденіп, іс жүзінде жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық /Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы/ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ, 2012 ,6,12 бет.

2. «Сын тұрғысынан ойлау білім үрдісінде» З.У.Имжарова, ОӘҚ 2012ж.4 бет

3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы II -негізгі/ деңгей

Жакупова Балжан Кожаметовна,
учитель казахского языка и литературы
Затобольской средней школы №1
Костанайского района

ФОРМИРОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ ГРУППОВОЙ (ПАРНОЙ) РАБОТЫ ЧЕРЕЗ КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ

(из опыта работы Затобольской средней школы №1 Костанайского района)

АННОТАЦИЯ

2015 жыл бойы №1 Затобол орта мектебінің мұғалімдері Lesson Study нысаны бойынша көлемді зерттеу жұмысын жүргізген. Төрт топтың мүшелері критериялды бағалау арқылы топтық (жұптық) жұмыс түрін ұйымдастыруының тиімді жолдарын іздеген. Сертификат алған мұғалімдер зерттеу жұмысының нәтижелерін іс жүзінде тексерген. Зерттеу материалдары ашық сабақтар альманахы, рубрикаторлар жиынтығы және әдістемелік ұсыныстарға жиналған.

Түйінді сөздер: сабақ, зерттеу, ұжым, критерий, бағалау, топ.